

FTAXP 10.15.59.
ӘОЖ 342.7
JEL K10

<https://doi.org/10.46914/2959-4197-2026-1-1-50-60>

БОТАГАРИН Р.Б.,*¹

PhD, қауымдастырылған профессор,
постдокторант.

*e-mail: botagarinruslan@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-9633-8182

МУСИН К.С.,¹

PhD, профессор.

e-mail: mkuat80@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6008-1303

¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық
зерттеу университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ: ҚҰҚЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕУ

Андағпа

Мемлекеттердің қалыптасуы жағдайында әскери қызмет саласындағы адам құқықтарын қамтамасыз ету мен қорғау мәселесі әрқашанда өзекті болып келеді. Елді қорғауда конституцияда бекітілген міндеттерін атқарып отырған әскери қызметкерлер Қазақстан Республикасы Конституциясында және халықаралық құқық нормаларында бекітілген негізгі құқықтар мен бостандықтарды иемденеді. Осы ретте олардың құқықтарын қорғаудың тиімді механизмдерін зерделеу ғылыми және тәжірибелік мәнге ие. Зерттеу мақсаты – әскери қызметшілердің құқықтарының қорғалуының қолданыстағы механизмдеріне талдау жүргізу және оларды жетілдіруге бағытталған ғылыми негізді ұсыныстар әзірлеу. Зерттеудің негізгі бағыты әскери заңнамалар, қорғау құралдары және құқықтардың іске асырылуындағы негізгі бірқатар мәселелерді қамтиды. Әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау мәселесінің кешенді зерттелуі жұмыстың ғылыми маңыздылығын айқындаса, зерттеу нәтижелерінің заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруде пайдалану мүмкіндігі тәжірибелік маңызын білдіреді. Зерттеу әдіснамасы жалпы формальды-құқықтық, салыстырмалы құқықтық, жүйелік және талдау әдістеріне негізделеді. Нәтижесінде әскери қызметкерлердің құқықтарын қорғаудағы негізгі мәселелер анықталып, оларды авторлық көзқарастағы шешу жолдары ұсынылады. Зерттеудің құндылығы әскери және конституциялық құқық ғылымының дамуына қосқан үлесімен анықталады, ал тәжірибелік маңызы мемлекеттік органдар мен құқық қорғау институттарының қызметінде, әскери қызметкерлердің тиісті заңмен бекітілген құқықтарын қолдану мүмкіндігімен көрінеді.

Тірек сөздер: адам құқығы, әскери қызметшілер, азамат құқықтары, құқықтық мемлекет, қорғау тетіктері, құқықтық шектеулер, мемлекеттік органдар.

Кіріспе

Қазақстан Республикасы өзінің құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде жарилай отырып, басты орынға адам және адамының құқықтары мен бостандықтарын қояды [1]. Бұл тек біздің елімізге ғана тән құбылыс емес, ол сонымен бірге құқық үстемдігін, адамның өмірі мен құқықтарын жоғары мәртебеге қойған құқықтық, демократиялық мемлекеттерде көрініс табады. Жалпы адам құқықтары өзінің бастауын ертеден алады. Қазіргі әлем елдерінің жан-жақты дамуы уақытында азаматтардың құқықтық жағдайлары, қорғалу деңгейлері, мемлекеттерде ол құқықтардың қамтамасыз етілуі және шектелуі басты назарда ұстау ерекше маңызға ие. Адамдарды құқықтық қорғау барлық құқықтық мемлекеттердің негізгі қызметі болып табылады. Алайда, мемлекеттегі құқықтық қорғау тетігі барлығына бірдей жалпы белгіге ие болса да, кей жағдайда маңызды мемлекеттік қызметті атқарып жүрген адамдардың арнайы топтары үшін өзгеше түрде болуы мүмкін. Мұндай адамдар тобына жататын ел қауіпсіздігін

қамтамасыз етіп жүрген әскери қызметкерлердің құқықтарының қамтамасыз етілуі, олардың құқықтық мәртебесі жалпы адамдардың құқықтық жағдайынан ерекше.

Зерттеу тақырыбы әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету тетіктерін заманауи құқықтық мемлекеттің негізгі институттарының бірі ретінде ғылыми тұрғыда зерделеу қажеттілігімен объективті қажеттілігімен тікелей байланысты. Отандық ғалымдардың еңбектерінде адам және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтары теорияларының іргелі ережелері, жағдайлары жалпылай қарастырылады. Сонымен бірге, ғылыми еңбектерге жүргізілген талдаулар Қазақстан Республикасындағы әскери қызметті өткеру барысындағы әскери қызметкерлердің құқықтарын қорғау және жүзеге асыру мәселелеріне жүргізілген зерттеулердің жеткіліксіздігін көрсетіп отыр. Шет елдік ғалымдардың әскери қызметкерлердің құқықтары саласындағы жұмыстары жалпы адам құқықтары доктринасына негізделгендіктен отандық құқықтық жүйе ерекшелігін қарастырмайды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және ұлттық қауіпсіздік жүйесін реформалау үрдістері, заңдылық қағидасының сақталуына талаптардың артуы және адам құқықтарының халықаралық стандарттарының ұлттық заңнамаға енгізілуінің кеңеюі тұрғысында зерттеудің өзектілігі артып отыр. Әдетте, жалпы адам құқықтарының қорғалуы алдымен сол тұлғаның өзге адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауымен тікелей қарым қатынас сипатына ие. Яғни, адам құқықтарының өзара сақталуы, және де олардың сақталуын мемлекеттік тұрғыда реттеу, тиімді қамтамасыз ету сәйкесінше белгілі бір құқықтық талаптардың орындалуының басты кепілі.

Әскери қызмет саласындағы адам құқықтарының жүзеге асырылуымен және қорғалуымен байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар, әскери қызметкерлердің құқықтарын қамтамасыз етудің институционалдық және құқыққолдану тетіктері, ұлттық және халықаралық құқық нормаларының қолданылуы әскери қызметкерді құқықтық қорғау мәселесінің кешенді сипатқа ие екенін білдіреді.

Зерттеуде көзделіп отырған басты мақсат Қазақстан Республикасында әскери қызметшілердің құқықтарының бекітілуі негізін, адам құқықтары саласындағы құқықтық құжаттарда әскери қызметкерлердің құқықтарының қорғалуы деңгейін және қабылданып, әрекет етіп отырған тетіктеріне кешенді ғылыми зерттеу жүргізе негізінде ғылыми негізделген қорытынды, ұсыныстар әзірлеу болып табылады. Осы тұрғыда зерттеудің толықтығы үшін келесідей міндеттер қойылады:

- ◆ Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының қалыптасуына талдау жүргізу;
- ◆ Әскери саладағы адам құқықтарының мәртебесі, олардың бекітілуін, әрекет етіп отырған қорғау тетіктеріне кешенді талдау жүргізу;
- ◆ Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының шектелуін қарастыру және оған қатысты ғалымдардың көзқарастарына талдау жүргізу;
- ◆ Әскери қызметкерлердің құқықтық қорғалуы дәрежесін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығын төмендегілер құрап отыр:

- ◆ еліміздегі әскери қызметшілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің конституциялық-құқықтық тетіктер мазмұнының нақтылануы;
- ◆ әскери қызметшілердің ерекше мәртебеге ие болуына байланысты конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудағы ерекшеліктердің негізделуі;
- ◆ қорғауды жүзеге асыратын институционалдық тетіктердің тәуелсіздігін нығайту жайында, құқықтық мәдениетті көтеру, сот арқылы қорғау мүмкіндіктерін кеңейту сынды ұсыныстардың берілуі;
- ◆ әскери қызметшілердің құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету бойынша терең әрі кешенді зерттеу жұмысының жасалуы.

Зерттеу әдістемесі адам құқықтары саласындағы құқықтық құжаттар, әскери саладағы отандық және шет елдік заңнамаларға, ғылыми еңбектерді зерттеу және талдау әдістеріне негізделеді.

Зерттеу барысында авторлар Қазақстан Республикасындағы әскери қызметкерлердің құқықтарының қамтамасыз етуші құқықтық актілерге, құқықтық құжаттарға, қорғалу тетіктеріне жан-жақты салыстырмалы-құқықтық талдау жасау арқылы адам құқықтары саласындағы

ерекшеліктерді, жетілдірілуі қажет жақтарды ашып, негіздеуі зерттеудің тың әрі өзекті екенін білдіреді. Сонымен бірге жасалған зерттеу кешенді сипатқа ие болғандықтан заң ғылымындағы, жалпы адам құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы олқылықтарды болдырмауға себебін тигізбек.

Материалдар мен әдістер

Қазақстан Республикасындағы әскери қызметкерлердің құқықтарын қорғау тетігіне, оларды қамтамасыз ету сұрақтарына толық зерттеу жүргізуде теориялық негізді отандық және шет елдік ғалымдардың ғылыми еңбектері құрады. Сонымен бірге мемлекетіміздегі адам құқықтарына қатысты құқықтық актілер: адам және азамат құқықтарының бастауы бекітілген – Қазақстан Республикасының Конституциясы, әскери қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз етуші әскери қызметшінің құқықтық мәртебесін арттыруда маңызды болып табылатын Қазақстан Республикасы Әскери доктринасы [2], жалпы әскери қызмет саласын реттейтін Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы [3], Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының заңы [4], Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы ҚР Заңы [5], Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы ҚР заңы және де адам құқықтары бекітіліп, қарастырылған халықаралық құқықтық құжаттар, стандарттар зерттеудің нормативтік негізін құрады [6].

Зерттеудің теориялық негізі болған ғылыми еңбектер мен құқықтық құжаттар, нормативтік актілерді зерделеуде талдау қолданылды, негізгі адам құқықтары бекітілген отандық, шет елдік ғалымдардың еңбектерімен және халықаралық актілермен жұмыс жасау барысында салыстырмалы-құқықтық әдіс пайдаланылса, әскери қызметшілердің негізгі құқықтарының пайда болуы, бекітілуі және дамуы сұрақтары қарастырылғанда тарихи және нормативтік талдау әдістері, және де әскери қызметшілердің құқық мәртебесін реттейтін заңнамаларға кешенді талдау жұмыстарын жүргізу үшін жүйелік әдісі кеңінен қолданыс тапты.

Бұл әдістер Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары және әскери қызметшілердің құқықтарының қамтамасыз етілуі деңгейін анықтап баға беруде, салыстырмалы талдау жүргізу негізінде белгілі бір қорытындылар жасауда және ұтымды ұсыныстар әзірлеуде ерекше маңызға ие болды.

Сонымен қатар, бұл зерттеу барысында еліміздегі әскери қызмет, әскери саясат, әскери қызметшілердің құқықтарының бағыттарына арналған келісімдер, халықаралық ұйымдардың актілері, есептері, және де зерттеуге қатысты ғалымдардың ғылыми еңбектер мен ізденістері зерделенді.

Аталған тақырыпты кеңінен аша түсу мақсатында болашақ отан қорғаушылар, әскери міндетті азаматтардың арасында әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі, жалпы құқықтары мен міндеттері жайында көзқарастарын, ойларын білу үшін жүргізілген сауалнама зерттеу міндеттерін шешуде, білгілі бір қорытындылар жасауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары әркез жалпы мемлекет пен құқық дамуы кезеңіндегі басты маңызды сұрақтардың қатарынан табылып келеді. Оған дәлел ретінде әлемдік деңгейде Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған Адам құқықтары туралы Жалпыға бірдей декларация бекіткен адамның құқықтары мен бостандықтарының мемлекеттердің өз заңдарына енгізуін айтуға болады [7]. Бұл үрдіс Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітіліп, кепіл берілген адам құқықтары мен бостандықтары тізілімінде жалғасын тауып отыр. Осыған сәйкес еліміздің әскери қызметшілерінің құқықтық мәртебесіне қатысты сұрақтар да өз маңыздылығын ие. Жалпы құқықтарды мойындап, бекітумен бірге оларды жүзеге асыру және қамтамасыз ету сұрақтары да әрқашан күн тәртібінен түспейтін мәселелердің қатарында. Әскери қызметшілердің құқықтары мен бостандықтарын қорғау механизмі бұл мемлекет тарапынан жүргізілуі тиіс кешенді шаралардың шеңберінен тұрады. Мемлекеттегі саяси, қорғаныс, қауіпсіздік және өзге мемлекеттермен ынтымақтастық саласындағы өмірінің үнемі өзгеріп, дамып отыруы елдегі әскери қызмет саласына деген көзқарастың нақтыланып, дамуымен шартты болып келеді.

Мысалы, Г.Ф. Дубовцев шет елдік және өз тәжірибеміздің әскери саланы кешенді ғылыми зерттеу әскери құрылыс дамуының тиімді бағытын табуға көмегін тигізетінін айтады [8, 82 б.]. Сонымен бірге, ол өз әскерінің жағдайын жасамаған өзге әскерге қызмет етеді деген қалыптасқан түсінікті сөзге тиек етеді. Мұндай кешенді ғылыми зерттеу бағыты жалпы әскери қызметтегі негізгі бағыттардың бірі – адамның құқықтарының қамтамасыз етілуі жағдайына арналуы орынды. Себебі елдегі әскери қызметтің тиісті талаптарға сай қалыптасуы еліміздің әскери қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуі деңгейіне, әскери қызметкерлердің әлеуетіне тікелей ықпал етуші фактор деп санаймыз.

Жалпы, құқықтық тұрғыда әскери қызметкерлердің құқықтарын қорғау механизмі елімізде жалпы адам құқықтары мен бостандықтарын заңды түрде бекітуден, тиісті бір құқықтық мәртебе беру арқылы, әлеуметтік тұрғыда қорғау, сот жүйесі арқылы құқықтардың қорғалуы, соттан тыс Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты арқылы қорғалу сияқты бағыттарды қамтиды.

Жүргізілген зерттеу барысында әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау сұрақтары қарастырылған доктриналды қайнар көздер, құқық қолдану тәжірибесі және Қазақстан Республикасының құқықтық актілері кеңінен зерделенген болатын. Нәтижесінде әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудағы нақты тетіктердің құрылымдары анықталып сараланды. Қол жеткізілген нәтиже еліміздегі әскери қызметшілерді қорғауды құқықтық тұрғыда реттеудің көпдеңгейлі жүйесі қалыптасқанын дәлелдеп отыр. Оған конституциялық тұрғыда бекітілген құқықтардың кепілі, әскери заңнамалардағы адам құқықтары қамтылған нормалар және сот және соттан тыс қорғау тетіктерін жатқызуға болады. Жіктелген жүйе құқықтық мемлекеттің негізгі талаптарына сәйкес келеді, алайда ішкі қарама-қайшылықтар мен кейбір шектеулер де жоқ емес.

Еліміздің құқықтық актілері еліміздегі әскери қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген құқықтар мен бостандықтар берілген мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ретінде қарастырылатынын анықтап отыр. Бұл құқықтар мен бостандықтар белгілі бір заң жүзінде шектелетіні де айтылады.

Еліміздің Конституциясындағы нормаларға жүргізілген талдау әскери қызметшілердің ондағы 12-бапта бекітілген азаматтардың конституциялық мәртебесіне ие екендігін білдіреді. Сонымен қатар, әскери қызметшілердің құқықтарының жүзеге асырылуы әскери қызмет жағдайына байланысты ерекше сипатқа екенін байқаймыз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 39-бабында мемлекет қауіпсіздігі, конституциялық құрылысты қорғау және қоғамдық тәртіпті сақтау барысында бұл құқықтардың белгілі бір көлемі заң негізінде шектелетіні айтылады. Бұл мәліметтер ұлттық заңнамада жоғарыда айтылған белгілі бір шектеулердің негізін жүйелі түрде анықтайтын біртұтас нормативтік құжаттың жоғын растайды. Мұндай әртүрлілік арнайы заңдардағы нормалардың түсінілу ауқымын кеңейтіп, құқықтық нақтылығы деңгейін төмендетеді.

Әскери қызметшілердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету сұрақтары отандық және шет елдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылғанымен әлі күнге дейін өзіндік дербес ғылыми зерттеу бағыты ретінде қалыптаспаған. Қазақстандық заң ғылымында адам құқықтары мен бостандықтарының іргелі негізі адам құқықтарын конституциялық құндылық ретінде қарастырған ғалымдар ұстанымы әскери қызметшілердің құқықтарының шектелуі шектеріне деген теориялық негізді қалыптастырады.

А.Ф. Сулеймановтың пікірінше, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы мәселелерінің теориялық және тәжірибелік тұрғыда оң шешімін табуы мемлекет пен қоғамның тағдырына тікелей ықпал етеді. Бұл пікірде тағы маңызды мәселе мемлекет пен қоғам тағдыры онда өмір сүріп жатқан азаматтардың сол мемлекетті қорғауға, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге деген дайындығы деңгейіне байланысты. Ол дайындық алдымен азаматтардың құқықтық қорғалуы дәрежесіне, жан-жақты қамтамасыз етілуіне тәуелді [9, 37 б.].

Адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуде, республикадағы жағдайды бақылауда 2022 жылғы конституциялық реформа нәтижесінде Қазақстан Республикасының Конституциялық Сотының қайта құрылуы маңызды қадам болды.

М.Т. Жунусова Қазақстан Республикасының аумағында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қамтамасыз етуді реттейтін институционалдық негіздердің дамуын және

қалыптасуына зерттеу жасай келе Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты институты және басқа да құралдар бұл бағыттағы жұмыстарды тиімді атқарылуының кепілі бола отырып құқық қорғаушылық механизмдердің титімділігін арттырады деп санайды [10, 52 б.].

Тағы бір шет елдік ғалым D.C. Valea адам құқықтарын қорғау механизміндегі маңызды мекеме Конституциялық соттың жалпы міндеттерін саралай отырып, аталмыш мекеменің негізгі міндеттерінің дұрыс орындалуы мемлекеттегі жалпы адам құқықтарының сақталуын және адам құқықтарының зиян келтіретін қандай да бір халықаралық келісімдердің жасалмауына кепіл болуы тиіс және де олар қабылдаған барлық шешімдер құқықтық ағарту шараларын қамтамасыз ету үшін жариялануы тиіс дейді [11].

Қазіргі уақытта шынымен де еліміздің азаматтарының өз құқықтарын қалпына келтіру мақсатында қайта құрылған Конституциялық Сотқа жүгіне алуы мемлекет тарапынан жасалып отырған маңызды қадам болып табылады.

Ресей ғалымы Т.М. Резер адам құқықтары, оларды жүзеге асыру және қорғау механизмдерінің толы жүзеге асырылу үшін алдымен адамның белгілі құқыққабылеттілігі болуын сипаттайды. Өз еңбектерінде құқық және адам терминологиясына жан жақты түсінік бере келе адам құқықтарының жүзеге асырылуы мен қорғалу механизмдеріне ортақ мақсаттарды айқындайды. Олар, адамның оның құқықтарымен байланысты барлық мүдделердің қорғалуы үшін жағдай жасау, құқықтарын қорғау механизмдеріне қол жетімділік, адам құқықтарының бұзылуының алдын алу, кепілдік берілген өзге құқық субъектілердің құқықтары мен міндеттері арасында тиімді ара салмақты қамтамасыз ету [12, 9 б.]. Әрі бұл механизмдер нормативті және ұйымдастырушылық құралдарды қажет ететінін атап өтеді. Бұл біздің басты тұжырым ретінде санайтын адам құқықтарының тек декларативті түрде болуы ғана жеткілікті еместігін растайды.

К.А. Мами құқықтық мемлекетте адам құқықтары құқыққа негізделеді, құқықпен шектеледі және құқық арқылы жүзеге асырылады деген пікір білдіреді. Құқықтық мемлекеттіліктің қалыптасуы жағдайында жеке тұлға бостандығы үшін барлық жағдай жасалуы тиіс. Құқықтық мемлекеттің мәні мемлекетті құқық арқылы шектеу, яғни құқық адам құқықтарының тапталуына, биліктің асыра сілтенуіне қарсы құрал екенін атап өтеді [13, 54 б.].

Қазақстанда адам құқықтарын қорғау үшін Қазақстан Республикасы жанында адам құқықтары бойынша Комиссия, омбудсмен институты құрылған және осы бағыттағы міндеттер Үкімет, Конституциялық Сот, прокуратура және өзге де органдарына жүктелген. Бұл пікір жалпы заң ғылымындағы адам құқықтарының ажырамастығы, әркез жоғары құрметке ие болуы тиіс деген ұстанымды сәйкес. Адам құқықтарын қорғауды жүзеге асыру үшін мемлекет тарапынан барлық шаралардың жүзеге асырылуы, жетілдіріліп отыруы құқықтық мемлекеттерге тән белгі екенін көреміз.

Жоғарыда келтірілген ғалымдардың жалпы көзқарастарынан қандай да бір адам құқықтарының мемлекет заңдарында бекітілуі бір басқа, олардың нақты іс жүзінде атқарылуы екі басқа екенін байқауымыз біздің жалпы пікірімізді растап, өзекті ете түседі.

Әскери қызметшілерге қатысты нақты салалық құқықтық акт - Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы әскери қызметшілердің құқықтарын, міндеттері мен әлеуметтік кепілдіктерін қамтиды, және де олардың негізгі құқықтық мәртебесінің ерекшеліктерін анықтайды. Бұл заң еліміздегі жалпы әскери қызмет саласын реттейтін ең маңызды заңның бірі болып табылады. Әскери қызмет саласының маңызды тұстарын реттей келе, бірқатар құқықтарды шектейтін нормалардың да барын айта кетуіміз керек. Заңның нормаларына сәйкес әскери қызметшілердің еркін жүріп тұру бостандығының шектелуі, ереуілдер мен наразылық акцияларына қатысуға тыйым салынуы сияқты конституциялық құқықтарының шектелуі бекітілген. Бұл шектеулердің орнын өтеу немесе толтыру тетігі көбіне әлеуметтік сипатқа ие яғни, әлеуметтік жеңілдіктер, зейнетақылық қамтамасыз ету сияқты шаралармен алмастырылғаны анықталып отыр.

Бұл жерде жалпы тұрғыда жария етілген әскери қызметшілердің құқықтары мен бостандықтары жоққа шығарылмайды, бірақ қызметтік міндеттерді орындау үшін қажетті шектерде ғана шектелетінін білдіреді. Формальды түрде әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі институционалдық кепілдіктерге ие, алайда құқықтарды жариялау мен олардың нақты жүзеге асырылуы арасында сәйкеспешіліктер бары байқалады. Бұл үрдіс әскери қызмет және әскери

қызметшілердің құқықтарын қорғау жөніндегі заңдарды жетілдіру қажеттілігін нұсқаған зерттеулермен де расталады. Мысалы, А.Б. Қайжақпарова бастаған зерттеушілер әскери қызмет өткеру саласындағы заңнамаларды тиімділігіне зерттеу жүргізе келе әскери қызметшілердің құқықтарын нақты шектеудің қажет еместігін сипаттауы және әскери саладағы нормативтік актілердің құқық қолданушылық келісімділігін арттыруды ұсынуы ортақ көзқарасқа ие [13, 263 б.].

Қазақстан Республикасының Конституциясы жалпы адам құқықтарын құқықтық тәртіптің бірден бір негізі деп мойындай келе нақты анықталған шектерде заң шеңберінде шектелетініне жол беретінін байқаймыз. Заңдылық қағидасы және құқықтық шектеулердің болжамдылығы әскери қызмет жағдайындағы әскери қызметшілердің құқықтарын жүзеге асыруы үшін маңызды.

Әскери қызметшілердің құқықтарының толықтығы мәселесі, заңды түрде шектелген құқықтарының қалпына келтірілуі немесе өтелуі тек ғылыми теориялық тұрғыда айтылып отырған мәселе емес, бұл жайында әскери қызметтегі азаматтардың да пікірлері үндес. Қазақстан Республикасының Әуе қорғаныс күштерінің офицері А.М. Алькенов әлемдік деңгейде Адам құқықтарының жалпы декларациясының маңыздылығына тоқтала отырып, әскери қызметшілердің қызмет ету уақытында жалпы бекітілген құқықтардың белгілі шектеулерге ұшырағандықтан ішінара пайдаланылатынын атап өтеді. Және де мәселенің орнын толтырудағы шешім ретінде әскери қызметшінің қызметтен кеткеннен кейін құқықтарының қалпына келтірілуін, тұрғын үй, кәсіп таңдау, білім алу жәін әлеуметтік қамсыздандырылу сұрақтарының шешімін табуы атап өтеді [14, 45 б.].


Тағы бір құқық қорғаудағы тетік ол әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудағы сот арқылы бұзылған құқықтардың қалпына келтірілуі. Әскери қызметшілер қарапайым азамат ретінде азаматтық немесе әкімшілік заңнама арқылы өздерінің құқықтарын сот арқылы қорғау теориялық тұрғыда орынды әрекет. Алайда, әскери қызметтің арнайы сипатына және тәртіптік бағыныстылық бұл қорғау жүйесінің тәжірибеде аз болатыныны анық. Шет елдік құқықтық зерттеулерде әскери қызметшілер әскери саладағы соттардың тәуелсіздігінің болмауы және моральдық қысымдардың себебінен сотта қорғалуда кедергілер тап болатынын атап өтеді. Бұл мысал формальды құқықтық кепілдіктер құқықтардың іс жүзінде тәжірибеде нақты қорғалуы толық мүмкіндікке ие болмайтынын білдіреді.

Демек, заң ғылымы саласындағы отандық және шет елдік ғалымдардың барлығының пікірі әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытындағы мемлекеттік қызметте жүрген әскери қызметшілердің құқықтары әркез жоғары қорғауды қажет ететін, мемлекет тарапынан ол құқықтарды қамтамасыз ету бойынша барынша тиімді әрі қажетті шаралардың жасалуы тиіс деген біздің пікірімізбен толық үйлеседі.

Зерттелген ғылыми қайнар көздерде келтірілген пікірлер мен ғылыми көзқарастарды жалпылай келе жалпылама көзқарасты байқауға болады. Ол дегеніміз біріншіден, әскери қызметшілердің құқықтарының конституциялық кепілдіктері қорғаудың бірден бір негізі, бірақ әскери тұрғыда арнайы саралауды қажет етіп отыр; екіншіден, құқықтық шектеулер бүгінгі күндегі даму жағдайларына сәйкес ойластырылған болуы тиіс; үшіншіден, әлеуметтік кепілдіктер құқықтық қорғалғандықты арттырғанымен жеке қорғау механизмін алмастыра алмайды; төртіншіден, әскери қызметшілердің құқықтарын қорғайтын тәуелсіз құқық қорғау институттары белсенділік танытуы тиіс.

Зерттеу жүргізу барысында болашақта әскери борышын өтейтін немесе әскери қызметші болуы мүмкін деген университеттегі заң факультетінде білім алып жатқан студенттерге сауалнама жүргізілді. Ондағы мақсат олардың әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі, жалпы құқықтары мен міндеттері жайында көзқарастарын білу болды. Әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тиімділігінің бір бағыты – алдымен сол құқықтарды олардың өздерінің білуімен байланысты деп санаймыз.


Бұл пікірді сауалнамаға жауап берген студенттерде де ұстанып отырғанын байқаймыз. Мысалы, «азаматтардың әскери қызметшілердің құқықтық жағдайы туралы білуі қаншалықты маңызды?» деген сұраққа көбісі өте маңызды деп жауап берген.



Сурет 1 – азаматтардың әскери қызметшілердің құқықтық жағдайы туралы білуінің маңыздылығы жайында студенттер жауаптары

Ескертпе: Талдау 2025 ж. студенттер арасында жүргізілген сауалнама сұрақтары негізінде авторлармен құрастырылған.

Сонымен бірге, мемлекет қауіпсіздігі үшін әскери қызметшілерді құқықтық қорғау маңызды екендігі расталады.



Сурет 2 – мемлекет қауіпсіздігі үшін әскери қызметшілерді құқықтық қорғау маңыздылығы жайында студенттер жауаптары

Ескертпе: Талдау 2025 ж. студенттер арасында жүргізілген сауалнама сұрақтары негізінде авторлармен құрастырылған.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудың институционалдық және процедуралық механизмдерін нығайту қажеттігі жөніндегі зерттеу гипотезасын растайды.

Қорытынды

Қазақстан Республикасындағы әрекет етіп отырған заінама және құқық қолдану тәжірибелері әскери қызметшілердің құқықтарының бірқатар оң қырларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Алдымен, әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесі адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің басты құндылығы деп таныған Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген. Әскери қызметшілер азамат құқықтық мәртебесін сақтап қалады және заңмен нақты анықталып шектелмеген конституциялық құқықтар мен бостандықтарды иеленеді.

Сонымен бірге, әскери қызмет саласын реттейтін «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» арнайы заңның қабылдануы ерекше мәнге ие. Онда әскери қызметшілердің құқықтары, әлеуметтік кепілдіктер, міндеттер және лауазымды тұлғалардың заңсыз әрекеттеріне шағымдану мүмкіндіктері қамтылып отыр. Мұнда құқықтарды қорғауда әскери прокуратура органдарының заңдылықтықадағалаушы орган ретіндегі қызметі маңызды рөлге ие.

Әскери қызметшілердің құқықтарын қорғаудағы оң жақтармен қатар тәжірибеде әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тиімділігін төмендететін бірқатар мәселелі сұрақтар да жоқ емес.

Біріншіден, әскери қызметшілердің нақты толық түрде анықталған құқықтарын шектеудің шектері анықталған заңды түрде бекітілген механизмнің жоқтығын тиісті шараларды қабылдауды талап етеді.

Екінші, әскери қызметкерлердің командирлердің әрекеттеріне шағымданумен байланысты сұрақтар бойынша сотқа жүгінуде шектеу болып табылатын жағдай ретінде қызметтік бағыныштылықты, мұндай әрекеттердің кері салдарға алып келуінен қауіптену, әскери ортаның жабық сипатын айта кету керек.

Үшінші, соттан тыс қорғауда маңызды институт ретінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының әскери қызметшілердің арыз шағымдарын қарастыруы үшін арнайы процедуралық мүмкіндіктердің болмауы соттан тыс құқық қорғау механизмінің тиімділігінің жеткіліксіздігі. Қосымша мәселе қатарына әскери қызметшілердің құқықтық мәдениеттері мен құқықтық ақпараттар берілуі деңгейінің төмендігін жатқызуға болады. Мұндай құқықтық білім мен мәдениеттің төмендігі немесе болмауы әскер қатарында қазіргі күні орын алып отырған жағымсыз жағдайлардың туындауының бір себебі деуге болады.

Жүргізілген зерттеу барысында қол жеткізілген нәтижелер Қазақстан Республикасындағы әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау механизмін жетілдіру бойынша төмендегідей бір-қатар маңызды ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.

Бірінші, әскери қызмет туралы заңнаманы заңдылық қағидасына және сәйкес мөлшерлікке негізделген әскери қызметшілердің құқықтарын шектеудің нақты анықталған критерилерімен толықтыру қажет. Бұл жеке тұлға құқықтарын қорғау мен мемлекеттің қорғанысы мүдделерін арасындағы тепе теңдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Екінші, қорғауды жүзеге асыратын институционалдық механизмдердің тәуелсіздігін нығайту керек. ол үшін әскери прокуратураның қызметінің құқық қорғаушылық құрамын кеңейту, әскери қызметшілердің өтініштерін Адам құқықтарын қорғау жөніндегі Уәкіл институты шегінде қарастырудың арнайы тәртібін жасау керек.

Үшінші, әскери қызметшілердің сот арқылы құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту, арыз бергені үшін қандай да бір қудалауға жол бермейтін процессуалдық кепілдерді бекіту.

Төртінші, әскери қызметшілердің құқықтық мәдениет деңгейін көтеру. Бұл мақсатта жүйелі түрде құқықтық білім беру, әскери даярлық бағдарламаларына адам құқықтары туралы пәнді енгізу және де қорғау механизмдері жайында түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Сонымен қатар, әскери қызметшілердің құқықтарының толық қамтамасыз етілуі үшін мемлекетте алдымен әскери қызметшілердің құқықтары біріктіріліп, біртұтас анықталған нақты құқықтық акті қажеттігі туындайды. Яғни, тек қана құқықтарды жариялап қана қоймай, нақты жүзеге асырылуы, қорғау механизмі анықталған, жүйелі құжат қажеттігі анықталып отыр. Бұл әскери қызметшілердің құқықтарын тиімді пайдаланып, жүзеге асыруда, олар бұзылған жағдайда қалпына келтіруде жеңілдік тудыраы сөзсіз. Жалпы әскери қызметшілердің құқықтарын тиімді қорғау ол тек қана құқықтарды жария етіп, бекітумен шектелмейді, оның тиімділігі оларды тәжірибеде қорғау механизмін үнемі дамытумен тікелей байланысты.

Қаржыландыру туралы ақпарат. «Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды» (грант № AP22686829 – Әскери қызметшілердің конституциялық-құқықтық мәртебесін ғылыми зерттеу: мәселелер және оларды шешу жолдары).

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (өтініш берілген күн: 10.12.2025)

2 Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 554 Жарлығы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000554> (өтініш берілген күн: 11.12.2025)

3 ҚР Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы № 561-IV Заңы, 16.02.2012 ж. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561> (өтініш берілген күн: 11.12.2025)

- 4 Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 155-VII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155> (өтініш берілген күн: 15.12.2025)
- 5 Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 154-VII ҚРЗ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154> (өтініш берілген күн: 15.12.2025)
- 6 Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 29 Заңы. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000029_ (өтініш берілген күн: 15.12.2025)
- 7 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> (өтініш берілген күн: 16.12.2025)
- 8 Дубовцев Г.Ф. Военная безопасность Республики Казахстан: опыт, актуальные проблемы, основные направления обеспечения: монография. – Астана: КИСИ при Президенте РК, 2018. – 218 с.
- 9 Сулейманов А.Ф. Защита прав и свобод человека и гражданина в правоприменительной практике правоохранительных органов Республики Казахстан // Eurasian Scientific Journal of Law. – 2022. – № 1. – С. 37–46. URL: <https://esjl.turan-edu.kz/jour/article/view/22/5> (дата обращения: 16.12.2025)
- 10 Джунусова М.Т. Конституционно-правовые аспекты защиты прав и свобод человека и гражданина в Республике Казахстан // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. – 2024. – № 2(147). – С. 52–62.
- 11 Valea D.C. The role of the romanian constitutional court in protecting and promoting human fundamental rights and freedoms // Procedia – Social and Behavioral Sciences. 2012. No. 46. P. 5548–5552. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042812022094> (accessed: 12.12.2025)
- 12 Резер Т.М., Кузнецова Е.В., Лихачев М.А. Механизмы реализации и защиты прав человека и гражданина: учеб. пособие. М-во науки и высш. образования Рос. Федерации, Урал. федер. ун-т. – Екатеринбург: Изд-во Урал. ун-та, 2019. – 110 с.
- 13 Қайжақпарова А.Б., Жадауова Ж.Ә., Жақсылықова А.Қ. Әскери қызмет өткеру саласындағы заңнама тиімділігін талдаудың кейбір өзекті мәселелері // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының хабаршысы. – 2025. – № 2. – Б. 263–270.
- 14 Алькенов А.М., Курбанова М.Н. Защита государством граждан Республики Казахстан во время вооруженных конфликтов, происходящих на территории другого государства. Актуальные вопросы международного, регионального и национального права: современное состояние, взаимодействие и перспективы развития: Материалы международной научно-практической конференции, юбилею подготовки специалистов посвященной 10-летию юбилею и 5-летию специализированной кафедры Международного права ЕНУ им. Л.Н.Гумилева. – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2013. – 327 с.

REFERENCES

- 1 Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusiasy. 1995 jyly 30 tamyzda respublikalyq referendumda qabyldandy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_ (ötiniş berilgen күн: 10.12.2025) (In Kazakh)
- 2 Qazaqstan Respublikasynyñ Äskeri doktrinasyn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniñ 2017 jylǵy 29 qyrküiektegi No. 554 Jarlyǵy. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1700000554> (ötiniş berilgen күн: 11.12.2025) (In Kazakh)
- 3 QR Äskeri qyzmet jáne äskeri qyzmetshilerdiñ mártebesi turaly No. 561-IV Zañy, 16.02.2012 j. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1200000561> (ötiniş berilgen күн: 11.12.2025) (In Kazakh)
- 4 Prokuratura turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusialyq zañy 2022 jylǵy 5 qaraşadaǵy No. 155-VII QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000155> (ötiniş berilgen күн: 15.12.2025) (In Kazakh)
- 5 Qazaqstan Respublikasyndaǵy Adam qūyqtary jönindegi uākil turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Konstitusialyq zañy 2022 jylǵy 5 qaraşadaǵy No. 154-VII QRZ. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154> (ötiniş berilgen күн: 15.12.2025) (In Kazakh)
- 6 Qazaqstan Respublikasynyñ qorǵanysy jáne Qaruly Küşteri turaly Qazaqstan Respublikasynyñ 2005 jylǵy 7 qañtaradaǵy No. 29 Zañy. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000029_ (ötiniş berilgen күн: 15.12.2025) (In Kazakh)
- 7 Adam qūyqtarynyñ jalpyǵa birdei deklarasiyası. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001> (ötiniş berilgen күн: 16.12.2025) (In Kazakh)
- 8 Dubovcev G.F. (2018) Voennaja bezopasnost' Respubliki Kazahstan: opyt, aktual'nye problemy, osnovnye napravlenija obespechenija: Monografija. Astana: KISI pri Prezidente RK. 218 p. (In Russian)
- 9 Sulejmanov A.F. (2022) Zashhita prav i svobod cheloveka i grazhdanina v pravoprimenitel'noj praktike pravoohranitel'nyh organov Respubliki Kazahstan // Eurasian Scientific Journal of Law. No. 1. P. 37–46. URL: <https://esjl.turan-edu.kz/jour/article/view/22/5> (data obrashhenija: 16.12.2025) (In Russian)

10 Dzhunusova M.T. (2024) Konstitucionno-pravovye aspekty zashhity prav i svobod cheloveka i grazhdanina v Respublike Kazahstan // L.N. Gumilev atyndaǵy Eurazia ultiq universitetiniñ HABAŞYSY. Qūqyq seriasy. No. 2(147). P. 52–62. (In Russian)

11 Valea D.C. (2012) The role of the romanian constitutional court in protecting and promoting human fundamental rights and freedoms // Procedia – Social and Behavioral Sciences. Vol. 46. P. 5548–5552. URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1877042812022094> (accessed: 12.12.2025) (In English)

12 Rezer T.M., Kuznecova E.V., Lihachev M.A. (2019) Mehanizmy realizacii i zashhity prav cheloveka i grazhdanina: ucheb. posobie. M-vo nauki i vyssh. obrazovaniya Ros. Federacii, Ural. feder. un-t. Ekaterinburg: Izd-vo Ural. un-ta. 110 p. (In Russian)

13 Qaijaqparova A.B., Jadauova J.Ä., Jaqsylyqova A.Q. (2025) Äskeri qyzmet ötkeru salasyndaǵy zañnama tiimdiligin taldaudyñ keibir özekti mäseleleri // Qazaqstan Respublikasy Zañnama jäne qūqytyq aqparat institutynyñ habarşysy. 80 T. No. 2. P. 263–270. (In Kazakh)

14 Al'kenov A.M., Kurbanova M.N. (2013) Zashhita gosudarstvom grazhdan Respubliki Kazahstan vo vremja vooruzhennyh konfliktov, proishodjashhih na territorii drugogo gosudarstva. Aktual'nye voprosy mezhdunarodnogo, regional'nogo i nacional'nogo prava: sovremennoe sostojanie, vzaimodejstvie i perspektivy razvitija: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii, jubileju podgotovki specialistov posvjashhennoj 10-letnemu jubileju i 5-letiju specializirovannoj kafedry Mezhdunarodnogo prava ENU im. L.N.Gumileva. Astana: ENU im. L.N. Gumileva. 327 p. (In Russian)

БОТАГАРИН Р.Б.,*¹

PhD, ассоциированный профессор,
постдокторант.

*e-mail: botagarinruslan@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-9633-8182

МУСИН К.С.,¹

PhD, профессор.

e-mail: mkuat80@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6008-1303

¹Карагандинский национальный

исследовательский университет им. Е.А. Букетова,

г. Караганда, Казахстан

ОБЕСПЕЧЕНИЕ КОНСТИТУЦИОННЫХ ПРАВ И СВОБОД ВОЕННОСЛУЖАЩИХ: ПРАВОВОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ

Аннотация

В условиях становления государств всегда актуален вопрос обеспечения и защиты прав человека в сфере военной службы. Военнослужащие, выполняющие закрепленные Конституцией обязанности по защите страны, приобретают основные права и свободы, закрепленные Конституцией Республики Казахстан и нормами международного права. При этом изучение эффективных механизмов защиты их прав имеет научное и практическое значение. Цель исследования – проведение анализа существующих механизмов защиты прав военнослужащих и выработка научно обоснованных предложений, направленных на их совершенствование. Основное направление исследования охватывает ряд основных вопросов военного законодательства, средств защиты и реализации прав. В то время как комплексное изучение вопроса защиты прав военнослужащих определяет научную значимость работы, практическая значимость представляет возможность использования результатов исследования в совершенствовании законодательства и правоприменительной практики. Методология исследования базируется на общих формально-правовых, сравнительно-правовых, системных и аналитических методах. В результате будут выявлены основные вопросы защиты прав военнослужащих и предложены пути их решения с авторской точки зрения. Ценность исследования определяется вкладом в развитие науки военного и конституционного права, а практическое значение выражается в деятельности государственных органов и правоохранительных институтов, в возможности применения соответствующих законодательно закрепленных прав военнослужащих.

Ключевые слова: права человека, военнослужащие, права гражданина, правовое государство, механизмы защиты, правовые ограничения, государственные органы.

BOTAGARIN R.B.,*¹

PhD, associate professor,
postdoctoral researcher.

*e-mail: botagarinruslan@gmail.com

ORCID ID: 0000-0002-9633-8182

MUSIN K.S.,¹

PhD, professor.

e-mail: mkuat80@mail.ru

ORCID ID: 0000-0002-6008-1303

¹Karaganda National Research
University named after E.A. Buketov,
Karaganda, Kazakhstan

ENSURING THE CONSTITUTIONAL RIGHTS AND FREEDOMS OF MILITARY PERSONNEL: A LEGAL STUDY

Abstract

In the context of state formation, ensuring and protecting human rights in military service remains crucial. Military personnel, fulfilling their constitutional duty to protect the country, acquire fundamental rights and freedoms as outlined in the Constitution of Kazakhstan and international law. The study of effective mechanisms for protecting these rights holds both scientific and practical significance. The aim of this study is to analyze existing mechanisms for safeguarding the rights of military personnel and propose scientifically grounded improvements. The focus is on key issues of military legislation, protection measures, and the realization of rights. While the scientific significance of this study lies in its comprehensive analysis of military personnel's rights, its practical value is in applying the findings to enhance legislation and law enforcement practices. The methodology includes formal legal, comparative legal, systemic, and analytical methods. Ultimately, the study aims to identify key challenges in protecting military personnel's rights and propose potential solutions. This study contributes to the development of military and constitutional law and has practical applications in the activities of government and law enforcement agencies.

Keywords: human rights, military personnel, civil rights, rule of law, protection mechanisms, legal restrictions, government agencies.

Мақаланың редакцияға түскен күні: 15.01.2026